

## Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 16 тамызда № 8624 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.08.2021 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.08.2021 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Оралмандар мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 15 қарашадағы № 476 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6698 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 қаңтарда № 78 "Казахстанская правда" газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті (А.Ә. Сарбасов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Қ. Егембердіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы

## **Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандас мәртебесін беру немесе ұзарту тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға "бір терезе" қағидаты бойынша беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы мен еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) арасындағы, ал Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексында көзделген жағдайларда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке немесе заңды тұлғалармен арадағы, тараптардың құқықтарын және міндеттерін айқындайтын, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

3) бейімделу және интеграциялық қызметтер – қоғамға бейімделу және ықпалдасу мақсатында қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер кешені (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру);

4) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейтін Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) – азаматтық жай-күйді сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу мен сақтаудың бірыңғай жүйесі;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Көші-қон полициясы" АЖ) – шетелдіктерді, босқындарды және азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу, тіркеу қызметін автоматтандыруға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйесі;

7) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

8) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері – Қазақстан Республикасының шет елде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

9) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелер;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

10) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Қандас" ААЖ) – этникалық қазақтар мен қандастар үшін мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрамындағы жүйе;

11) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – құрамына мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін, қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу және/немесе қандас мәртебесін беру жөніндегі этникалық қазақтардың өтініштерін қарау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған комиссия;

12) қоныстандыру өңірлері – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған өңірлер;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

13) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13) "migration.enbek.kz" көші-қон қызметтерін көрсетудің бірыңғай порталы – көшіп-қонушылардың есебі мен қозғалысын, сондай-ақ көші-қон саласында қызметтер ұсынудың мониторингін қамтамасыз ететін Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) цифрлық экожүйесінің кіші жүйесі;

14) "migration.enbek.kz" көші-қон қызметтерін көрсетудің бірыңғай порталының мобильді қосымшасы (бұдан әрі – мобильді қосымша) – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында орнатылған және іске қосылған әрі ұялы байланыс, Интернет арқылы электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен функцияларға қол жеткізуді ұсынатын бағдарламалық өнім;

15) өтініш беруші – қандас мәртебесін алуға және қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге үміткер этникалық қазақтар қатарындағы жеке тұлға және оның отбасы мүшелері (ол болған жағдайда) не Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын алуға үміткер қандастар, қандастардың жесірлері және ортақ балалары;

16) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

17) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарын айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

17-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

18) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Қандас мәртебесін беру тәртібі

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "migration.enbek.kz" көші-қон қызметтерін көрсетудің бірыңғай порталы арқылы, ақпараттандыру объектілері арқылы: мобильді қосымшасы, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі, Мемлекеттік корпорация не [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі-тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, қандас мәртебесін беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "migration.enbek.kz" көші-қон қызметтерін көрсетудің бірыңғай порталы немесе мобильді қосымшасы арқылы берілген өтініш осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушіні оның өтінішін тіркеу туралы хабардар ете отырып, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қарауы үшін "Қандас" ААЖ-ға түседі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**5-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы берілген өтінішті Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің қызметкері "Қандас" ААЖ-да тіркейді және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушіні оның өтінішін тіркеу туралы хабардар ете отырып, "Қандас" ААЖ арқылы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға жібереді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығы мен қолданылу мерзімін тексереді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынылған құжаттарды қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5-1. Жергілікті атқарушы орган өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды және өтініш беруші ұсынған құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Толық емес пакетті және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде жергілікті атқарушы орган Тізбеге сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Жергілікті атқарушы орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінішті қабылдаудан бас тарту осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге жіберіледі.

**Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2023 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы айып келтіретін мәліметтердің және оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілігі туралы өзге де ақпараттың болуын тексеру үшін:

1) тиісті өңірлердің ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелеріне;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесі арқылы сұрау салулар жібереді.

7. Ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелері өтініш берушілердің құжаттар топтамасын алған күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы айыптаушы мәліметтердің және оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілігі туралы өзге де ақпараттың болуы немесе болмауы туралы ақпарат жібереді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2023 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган аумақтық бөлімшелерден ішкі істер органдарынан және Ұлттық қауіпсіздік органдарынан ақпарат келіп түскен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде өзіне қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті Комиссияның қарауына береді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2023 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-1. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Портал арқылы "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін қағаз нысанда "бір өтініш" қағидаты бойынша алу үшін Мемлекеттік корпорация филиалының атауын қосымша таңдайды.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет көрсету мерзімі - 30 (отыз) жұмыс күні.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қандас куәлігін беру, қандас мәртебесі ұзартылған жағдайда осы Қағидаларға 4 қосымшаға

сәйкес жергілікті атқарушы органның шешімі не оны көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

**Ескерту. Қағидалар 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Комиссия өтініш келіп түскен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны қарайды және өтініш берушіге қандас мәртебесін беруден бас тарту туралы немесе қандас мәртебесін беру туралы ұсыныс шығару туралы мынадай шарттарды ескере отырып:

1) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған өңірлерге қоныстандыру үшін;

2) демографиялық дамуға қажеттілігі бар даму әлеуетімен агломерация аумақтарында және ауылдық елді мекендерде, шағын және моноқалаларда, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда қоныстандыру үшін;

3) тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешумен және егер өтініш беруші тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмаса, өтініш берушінің тұруына нотариалды куәландырылған келісім беру мүмкіндігімен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 29) және 36) тармақшаларына сәйкес отбасы мүшелерімен немесе туыстарымен туыстығын растай отырып, өтініш беру өңірінің аумағында тұрақты тұратын өтініш берушінің отбасымен және/немесе туыстарымен бірігу үшін;

4) алдын ала еңбек шартын қоса бере отырып, тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешумен жұмыс берушілердің шақыруы бойынша бос жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін не этникалық қазақтар қатарындағы жеке кәсіпкерлер;

5) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар оқу орнынан анықтаманы қоса бере отырып.

Қандас мәртебесін беру немесе беруден бас тарту туралы ұсынымды комиссия қабылдайды және ол хаттамамен ресімделеді. Комиссияның әрбір отырысы барысында этникалық қазақтардың өтініштерін қараудың бейнежазбасы жүргізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

9-1. Ұсынылған құжаттар бойынша уәжделген ескертулер туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын

білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлама (портал, электрондық пошта, SMS арқылы) жібереді.

Тыңдау хабарлама жіберілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беруге не ұзартуға өтінішті қабылдау туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәделген бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушының дәлелді себептермен тыңдауға қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы растайтын құжаттарды ұсына отырып, тыңдауға келмеу себептерінің аяқталу мерзімімен ауыстырылады.

Жергілікті атқарушы орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

**Ескерту. Қағидалар 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган Комиссия ұсыным шығарған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өтініш берушіге қандас мәртебесін беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және "Қандас" ААЖ арқылы қабылданған шешімді өтініш берушіге, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне не Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) өтініш берушіге қандас мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған кезде:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның екінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің деректерін (бар болса) "Жеке тұлға" мемлекеттік дерекқоры арқылы оның (олардың) жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – ЖСН) болуы тұрғысынан тексереді және ЖТ МДҚ-да ЖСН болмаған кезде "Қандас" ААЖ арқылы "Көші-қон полициясы" АЖ-ға ЖСН генерациялау үшін электрондық сұрау салуды жібереді. ЖСН бар екені анықталған кезде жана ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды және қолда бар ЖСН пайдаланылады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның үшінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қандас" ААЖ арқылы өтініш берушіге, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне не Мемлекеттік корпорацияға өтініш берушіге қандас мәртебесін беру туралы шешім жібереді, ол өтініш беруші шешімде көрсетілген қоныстандыру өңіріне келген күні күшіне енеді, оған қоса беріледі:

осы Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайлар болған кезде – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде көшіру қағидаларына сәйкес әлеуметтік келісімшарт жобасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген);

жеке бейімделу және интеграция жоспарының жобасы.

Қандас мәртебесін беру туралы шешім берілген сәттен бастап қандас куәлігін берген сәтке дейінгі кезең Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

11. Әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өтініш беруші оған қандас мәртебесін беру туралы шешімде көрсетілген қоныстандыру өңіріне келген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде:

бейімделу мен интеграцияның жеке жоспарына қол қояды;

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған өңірлерге қоныстанған жағдайда әлеуметтік келісімшартқа қол қояды;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**11-тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

қандас мәртебесі туралы шешімнің күшіне енгені туралы "Қандас" ААЖ-да белгісі бар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандас куәлігін береді.

Өтініш беруші алдын ала шешімде белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, қандас мәртебесін беруге арналған өтінім жойылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қандас мәртебесін беруден және ұзартудан бас тарту негіздері Заңның 20 бабында көзделген.

### **3-тарау. Қандас мәртебесін ұзарту тәртібі**

13. Қандас мәртебесін ұзарту үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен алу мақсатында Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған бұйралаушылар әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне бұрын берілген қандас мәртебесін ұзарту туралы өтініш береді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2023 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

15. Құжаттарды қабылдайтын мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған күні ұсынылған құжаттардың толықтығы мен қолданылу мерзімін тексереді.

16. Өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға сәйкес құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған күні осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама береді.

17. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.07.2024 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өтініш пен қоса берілген құжаттар келіп түскен күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қандас мәртебесін бір рет алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы шешімі өтініш берушіні кейіннен хабардар ету үшін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2025 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Қандас мәртебесін ұзартудан бас тарту негіздері Заңның 20-бабында көзделген.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі**

24. Көші-қон саласында мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

25. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды тіркеу күні оны қарау мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

27-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне қызмет көрсету кезінде олардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

28. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының атына не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

29. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген өтініш берушіге шағымды қарау мерзімі ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағымды қарауды ұзарту себептерін көрсете отырып хабарлайды.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотта шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Кандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
I-қосымша  
Нысан

(Мемлекеттік корпорация/  
этникалық қазақтың шыққан  
елдегі шетелдік мекеменің  
атауы)

(уәкілетті өкілдің лауазымы,  
тегі, аты, әкесінің аты (ол  
болған жағдайда)) кімнен

(өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болған  
жағдайда))

(мекен-жайы бойынша тұратын)

**Кандас мәртебесін беру туралы өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

|                                |  |
|--------------------------------|--|
| Т. А. Ә. (ол болған жағдайда)  |  |
| Туған күні                     |  |
| Жынысы                         |  |
| Тұрғылықты мекен-жайы          |  |
| Байланыс деректері (бар болса) |  |

Отбасының келесі құрамы бар:

| Т. А. Ә. (ол болған жағдайда) | Туыстық дәрежесі | Туған күні | Азаматтық | Ұлты |
|-------------------------------|------------------|------------|-----------|------|
| 1                             | 2                | 3          | 4         | 5    |

Тарихи отанымда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына жоспарланып отырған келуіме байланысты маған және менің отбасымның мүшелеріне (бар болса) қандас мәртебесін беруді сұраймын.

1. Көшудің мақсаты – қандастарды қоныстандыру үшін өңірлерге:

|                                                |                        |
|------------------------------------------------|------------------------|
| Ел                                             | Қазақстан Республикасы |
| Облыс / республикалық маңызы бар қала / астана |                        |
| Аудан                                          |                        |
| Елді мекен                                     |                        |

2. Көшудің мақсаты-отбасымен және/немесе туыстарымен қайта қосылу:

| ЖСН | Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) | Туыстық дәрежесі | жеке куәлік № | Тұрғылықты мекенжайы | Байланыс деректері |
|-----|-----------------------------|------------------|---------------|----------------------|--------------------|
| 1   | 2                           | 3                | 4             | 5                    | 6                  |

3. Көшудің мақсаты – жұмыс берушілердің шақыруы бойынша немесе этникалық қазақтар арасынан шыққан жеке кәсіпкерлер:

| Жұмыс берушінің атауы | Жұмыс берушінің уәкілетті өкілінің Т. А. Ә. (ол болған жағдайда) | Орналасқан жері | Байланыс деректері |
|-----------------------|------------------------------------------------------------------|-----------------|--------------------|
| 1                     | 2                                                                | 3               | 4                  |

кәсіби дағдылар

| Мамандық/ мамандық | Жұмыс өтілі | Білім туралы құжат | Еңбек қызметін растайтын құжат |
|--------------------|-------------|--------------------|--------------------------------|
| 1                  | 2           | 3                  | 4                              |

4. Көшудің мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында (бұдан әрі – ЖОО) оқитын этникалық қазақтар:

| Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) | ЖОО Атауы | Біліктілік/ мамандығы | Оқу кезеңі |
|-----------------------------|-----------|-----------------------|------------|
| 1                           | 2         | 3                     | 4          |

Осымен қандас мәртебесін беру бойынша қызмет көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге келісім беремін.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_;
- 4) \_\_\_\_\_;
- 5) \_\_\_\_\_.

Мен келтірген мәліметтердің дұрыс екендігін куәландырамын.

Дұрыс емес мәліметтер алынған визаның күшін жою және/немесе қандас мәртебесін беруден бас тартуға негіз бола алатындығы туралы хабарланды.

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш беруші қолы)

Құжаттар қабылданды: \_\_\_\_\_

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы).

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2-қосымшаның осы редакциясы 12.07.2026 дейін қолданыста болады - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 бұйрығымен.

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

|   |                                                      |                                                                                                                                                                                                              |
|---|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін атауы             | Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту                                                                                                                                                                         |
| 2 | Мемлекеттік қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | 1. Жалпы тәртіпте мәртебе алу.<br>2. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы қандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімі негізінде мәртебе алу.<br>3. Мәртебені ұзарту. |

|   |                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|---|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы                                      | Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | <p>1. Қандас мәртебесін беруге өтінішті қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шет елдердегі мекемелер (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар үшін);</li> <li>- мобильді қосымшасы;</li> <li>- Мемлекеттік корпорация;</li> <li>- "migration.enbek.kz" порталы;</li> <li>- www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырады.</li> </ul> <p>2. Қандас мәртебесін ұзартуға өтінішті қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган және Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.</p> |
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі   | <p>1. Қандас мәртебесін беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 30 жұмыс күні ішінде.</p> <p>2. Қандас мәртебесін ұзарту бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 3 жұмыс күні ішінде.</p> <p>Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты: көрсетілетін қызметті берушіде-30 минут, Мемлекеттік корпорацияда-15 минут;</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 минут, Мемлекеттік корпорацияда-20 минут, "бір өтініш" қағидаты бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде-60 минут.</p>                                                                                                                                                      |
|   |                                                                            | Қағаз/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|   |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны                                                                                                                                                | электрондық (ішінара автоматтандырылған)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 7 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі                                                                                                                                              | Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі: қандас мәртебесін беру кезінде – қандас куәлігін беру, қандас мәртебесін ұзартқан жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органның шешімі.<br>Мемлекеттік корпорация мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінде 1 (бір) жыл ішінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш берушінің сұрау салуы бойынша Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінен түсіре отырып, жергілікті атқарушы органнан бұрын алынған қандас куәлігін береді. "migration.enbek.kz" порталында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жеке кабинетте көрсетіледі. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|   |                                                                                                                                                                                                                        | Жұмыс кестесі:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіде – <a href="http://www.enbek.gov.kz">www.enbek.gov.kz</a> интернет-ресурсы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;<br>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерден басқа,                                                          |

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдерінде дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет тұрғылықты жері бойынша электрондық кезек тәртібімен, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті веб-портал арқылы брондауға болады.

3) веб-порталда, "migration.enbek.kz" порталында, мобильдік қосымшасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

4) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

Өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынады:

1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі не Мемлекеттік корпорация арқылы қандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімі негізінде жалпы тәртіппен мәртебе мен мәртебе алу үшін:

1) өмірбаян (еркін түрде);

2) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (бар

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

болса) қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен;  
3) өтініш берушінің осы Қағидалардың 2-тармағының 18) тармақшасында көзделген шартқа сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмелері (туу туралы куәліктердің, шетелдік паспорттың, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің көшірмелері, үміткерлердің ұлтын растайтын этникалық қазақтар шыққан елдің арнаулы органдарының басқа да ресми құжаттары), "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 11-1) тармақшасында көзделген оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен Қазақстан Республикасының қандас және азаматтығы мәртебесін алуға үміткер адамдардың қазақ ұлтына тиесілігін айқындау жөніндегі комиссияның ұсынымы болмаған жағдайда.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары (өмірбаянын қоспағанда) өтініш берушіге қайтарылады, сондай ақ мемлекеттік базалардан электрондық көшірмелер мен деректерді пайдалануға мүмкін болады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

2. Мәртебені ұзарту үшін: өтініш беруші осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Өтініш берушілерден ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Қандас мәртебесін беру не одан бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді

қабылдайды және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркеген күннен кейін 30 жұмыс күні ішінде ресімдейді. Жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беруден және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

- 1) үміткерлердің "Халықтың көші-қоны туралы" Заңның 20-бабы 1) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі;
- 2) өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 3) қандас мәртебесін беру және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы қолдау хат беретін этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерлейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілігі туралы өзге де ақпараттың болуы;
- 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын этникалық қазақтың қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;
- 5) қандастарды аумақтық-әкімшілік бірлікте қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы немесе этникалық қазақтың қоныстандыру үшін ұсынылған аумақтық-әкімшілік бірліктен бас тартуы.

Сондай-ақ, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында көзделген негіздер мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту болып табылады.

|    |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 12 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары интернет-ресурста Көрсетілген <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a>.</p> <p>"Мемлекеттік қызметтер" бөлімі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды "1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
3-қосымша  
Үлгі

Қандас мәртебесін беруге өтінішті қабылдау туралы \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
ХАБАРЛАМА

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Этникалық қазақтың өтініші туралы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұру үшін келуді жоспарлайтын оған

және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) беру туралы \_\_\_\_\_

(облыс, республикалық маңызы бар қалалар және Астана) қандас мәртебесі тіркелгенін

хабарлаймыз \_\_\_\_\_

(Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органының/ шет елдердегі мекемесінің атауы)

кіріс хат-хабарлар ретінде № \_\_\_\_\_ (күні)

және заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатын болады.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

..) \_\_\_\_\_

Құжаттар қабылданды \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (күні)

-----  
(кесу сызығы)

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде қалады

Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама № \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(этникалық қазақтың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

Байланыс деректері \_\_\_\_\_

(қолы) / \_\_\_\_\_ (күні)

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
4-қосымша

**Қандас мәртебесін беру немесе беруден бас тарту не ұзарту туралы 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ ШЕШІМ**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ ( жергілікті атқарушы орган жанындағы комиссияның атауы)

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандас мәртебесін беру туралы өтінішті қарап,

|                             |  |
|-----------------------------|--|
| Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) |  |
|                             |  |

|                      |  |
|----------------------|--|
| Туған күні           |  |
| Жынысы               |  |
| Тұрғылықты мекенжайы |  |

\_\_\_\_\_ шешім қабылдады.

Қандас куәлігі өтініш беруші осы шешімде көрсетілген қоныстандыру өңіріне келген күннен кейін 3 күн ішінде берілетін болады.

Қандас мәртебесінің қолданылу мерзімі өтініш беруші осы шешімде көрсетілген қоныстандыру аймағына келген және қандас куәлігін алған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы \_\_\_\_\_ (қолы/мөр орны)

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
5-қосымша

**ҚАНДАС КУӘЛІГІ / УДОСТОВЕРЕНИЕ КАНДАСА № \_\_\_\_\_**  
**(Жергілікті атқарушы органның атауы/**  
**наименование местного исполнительного органа)**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

|                                                                                                                                                                 |                                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| (Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (ол болған жағдайда)/ Отчество (при его наличии))<br>Туған күні, айы, жылы/Дата рождения месяц год<br>"__" ____ 20__ ж./г. | Жынысы/Пол _____<br>Туған жері (елі)/Место рождения _____<br>Азаматтығы/ Гражданство _____ |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|

Қандас куәлігінің қолданылу мерзімі

Срок действия статуса кандаса с "\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ ж./г. бастап по "\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ ж./г. дейін

**ЖСН/ИИН**

Қандастың кәмелет жасқа толмаған отбасы мүшелері

Несовершеннолетние члены семьи кандаса

| р/с № п/п | Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (ол болған жағдайда) / Отчество (при его наличии) | Туған күні, айы, жылы/ Дата рождения месяц год | Жынысы/ Пол | Туыстық қатынасы/ Родственное отношение | ЖСН/ ИИН |
|-----------|---------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|-------------|-----------------------------------------|----------|
| 1.        |                                                                                       |                                                |             |                                         |          |
| 2.        |                                                                                       |                                                |             |                                         |          |
|           |                                                                                       |                                                |             |                                         |          |

|      |  |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|--|
| 3.   |  |  |  |  |  |
| .... |  |  |  |  |  |

Ескертпе/Примечание:

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес қандас куәлігінің мерзімі қандас Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін немесе қандас мәртебесін алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін тоқтатылады.

В соответствии со статьей 25 Закона Республики Казахстан "О миграции населения" срок действия удостоверение кандидата прекращается после получения кандидатом гражданства Республики Казахстан или по истечении одного года со дня получения статуса кандидата.

|                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) электродық цифрлық қол таңбасы / электронная цифровая подпись руководителя местного исполнительного органа (лица исполняющего обязанность) _____ | Қандас мәртебесі берілген күн Дата присвоения статуса кандидата 20____ жылғы " ____ " _____ " ____ " 20____ года |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
6-қосымша

\_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы органның  
атауы)

\_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болған  
жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(мекенжайы бойынша тұратын)  
Нысан

### Қандас мәртебесін ұзарту туралы өтініш

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_  
байланысты маған және менің отбасымның мүшелеріне (бар болса) қандас мәртебесін ұзарту туралы шешімнің телнұсқасын беруді сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) \_\_\_\_\_;

2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары \_\_\_\_\_;

3) балалар (оның ішінде асырап алынғандар) және олардың отбасы мүшелері \_\_\_\_\_;

4) некеде тұрмайтын ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңділері \_\_\_\_\_.

Осымен қандас мәртебесін ұзарту бойынша қызмет көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Өтініш қабылданды: \_\_\_\_\_

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
7-қосымша

### **Қандас мәртебесін ұзарту туралы өтінішті қабылдау туралы хабарлама**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), этникалық қазақтың оған және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) қандас мәртебесін беру туралы өтініші \_\_\_\_\_

(Мемлекеттік корпорацияның атауы)

қабылданғанын хабарлаймыз және ол заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатын болады.

Құжаттарды қабылдаған \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы).

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (күні)

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
8-қосымша  
(Өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болған  
жағдайда)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті  
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы № \_\_\_\_\_ ҚОЛХАТ \_\_\_\_\_ (түрін көрсету)

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.05.2026 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жергілікті атқарушы органының (мекенжайын көрсету) / "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_ \_ \_ бөлімінің (мекенжайын көрсету) осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуына байланысты, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) ....

\_\_\_\_\_  
(Жергілікті атқарушы орган қызметкерінің / Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Телефон \_\_\_\_\_

Алды: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) / көрсетілетін қызметті алушының қолы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл